

Мектеп директоры:

К.Алтаева



«Жыланбүзгән жалпы бiлiм беретiн мектеп» КММ

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және жетiлдiру жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1.	Мектепiшiлiк ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және жетiлдiру жұмыс бойынша бұйрық шығару, жауаптыларды бекiту.	қыркүйек	Мектеп директоры К.Алтаева
2.	Мектепiшiлiк ата-аналар комитетiнiң құрамын бекiту, мiндеттерiн нақтылау.	қыркүйек	ДТЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшiлер
3.	Ата-аналар жиналысы: оқу жылының мақсаттары, ережелермен таныстыру.	қыркүйек	ДТЖО А.Тунгушбаева
4.	«Отбасы – тәрбие негiзi» тақырыбында ашық пікір алмасу.	қазан	ДТЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова Әлеуметтік педагог А.Мелдебек
5.	Қауіпсіздік (интернет, көшедегі тәртіп, құқықбұзушылық) бойынша түсіндіру жұмысы.	қараша	ДТЖО А.Тунгушбаева Мектеп инспекторы Ж.Жалғасбай
6.	Мектепiшiлiк ашық есiк күндерiн ұйымдастыру	желтоқсан	Мектеп директоры К.Алтаева ДТЖО А.Тунгушбаева Мұғалімдер
7.	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлi» тақырыбында тренинг	қаңтар	ДТЖО А.Тунгушбаева Педагог психолог М.Адилова
8.	Көп балалы және аз қамтылған отбасылармен жеке жұмыс жүргізу.	жыл бойы	ДТЖО А.Тунгушбаева Әлеуметтік педагог А.Мелдебек
9.	Мамандармен (дәрігер, заңгер, полиция) кездесулер	ақпан, наурыз	ДТЖО А.Тунгушбаева
10.	Оқу жылының қорытынды ата-аналар жиналысы	мамыр	ДТЖО А.Тунгушбаева

Орындаған ДТЖО А.Тунгушбаева

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

2023-2024 оқу жылында ата-аналармен атқарылған жұмыс есебі

2023-2024 оқу жылында ата-аналармен атқарылатын жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына байланысты «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы» іске асыру мақсатында 2023-2024 оқу жылында мектепте ата-аналармен жұмыс жүргізілді. Мақсаты; ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен тәрбиелеуге қатысуын арттыру, отбасы мен мектептің өзара байланысын жақсарту, балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің тиімді жолдарын анықтау ата-аналардың білімге қатысуын кеңейту, құқықбұзушылықтың алдын алу.

Мектепшілік ата-аналар кеңесінің құрамы 2023-2024 оқу жылының бірінші ата-аналар жиналысында аныкталып, хаттама шешімі негізінде бекітілді.

Оқу жылы барысында ата-аналарға білім беру іс-әрекетінде балаларға көмектесетін қолайлы жағдайлар жасауға көмектесу, оқу бағдарламасы мен оқушының үлгерімі мәселелері бойынша үй мен мектеп арасындағы тиімді коммуникацияларды әзірлеу, ата-аналарды аналарды мектептің волонтерлік қызметіне тарту және олардың тарапынан көмек пен қолдауды ұйымдастыру, отбасыларға балаға үй тапсырмасы мен икемділікті дамытуға қалай көмектесуге болатындығы туралы акпарат беру, ата-аналарды мектеп деңгейінде шешім қабылдау процесіне тарту, ата-аналар арасында көшбасшылар мен балалар өкілдерін дамыту, мектеп бағдарламаларын, отбасылық тәжірибелерді, оқушыларды дамыту мен оқытуды нығайту үшін жергілікті қоғамдастықтың ресурстары мен қызметтерін анықтау және біріктіру шаралары белсенді түрде жүргізілді.

Жаңа оқу жылының басталуына орай 2025 жылдың 18-22 қыркүйек аралығында мектепшілік сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, «Сіздің балаңыз жаяу жүргінші» тақырыбында нұсқаулықтар өткізілді.



2023 жылдың 25-29 қыркүйек аралығында «Отбасы және мектеп ынтымақтастығы» атты мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, жаңа оқу жылының басталуына байланысты мәселелер қаралды. /«Ұлттық мүдде»/

29.09.2023ж күні «Отбасы – тәрбие негізі тақырыбында әр сыныптың ата-аналар кеңесінің төрағалары мен төрайымдары арасында ашық пікір алмасу шарасы өткізілді. Мақсаты: Ата-аналардың отбасындағы бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, балаға рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңірудің тиімді жолдарын бірге талқылау, ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, отбасында қолайлы тәрбие ортасын қалыптастыруға бағыт беру.

Ашық пікір аламас отырып отбасындағы тәрбиенің негізгі бағыттары мен әдістерін талқыланып, бала бойына ұлттық және адамгершілік құндылықтарды дарытудың тиімді жолдарын анықтау; ата-аналар арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау; мектеп пен ата-ана арасындағы өзара серіктестік пен сенімді нығайту міндеттері орындалды.



«Әкелер мектебі» жоспарына сай 26.10.2024ж. күні 8-11 сыныптар арасында «Әкем айтқан нақыл сөз...» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді /«Ұлттық мүдде»/. Әкелердің отбасындағы беделі мен тәрбиелік рөлін арттыру, әкенің өнегелі сөзі мен ісі арқылы бала бойында адамгершілік, жауапкершілік, еңбексүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру; әке мен бала арасындағы рухани байланыс пен өзара сыйластықты нығайту, отбасындағы ұлттық құндылықтар мен ата-баба даналығын дәріптеу.



2023-2024 оқу жылының қараша айында ата аналарға оқушылардың өмір қауіпсіздігі, интернет қауіпсіздігі, көшедегі тәртіп, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша онлайн түрде түсіндіру, ескерту жұмысы жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың өмір қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру, интернет кеңістігінде жауапкершілікпен әрекет ету дағдыларын дамыту, көшеде және қоғамдық орындарда тәртіп сақтау ережелерін түсіндіру, құқықбұзушылықтың алдын алу арқылы жасөспірімдердің құқықтық санасын арттыру және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Ата-аналардан кері байланыс алынды.

2023-2024 оқу жылының 5 желтоқсан күні ата аналарға арналған «Ашық есік күні» өткізілді. Мақсаты, мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасау, баланың мектептегі жетістіктері мен даму барысын таныстыру арқылы ата-ананың тәрбиелік жауапкершілігін арттыру, өзара ашық қарым-қатынас пен сенім атмосферасын қалыптастыру. «Ашық есік күні» — таныстырылым, ашық сабақтар, сынып сағаттары, көрмелер, жеке және топтық кеңестер түрінде өткізілді. Шара барысында ата аналар ашық сабақтарға қатысып, оқушылардың шығармашылық және ғылыми жұмыстарының көрмесін тамашалады, педагогтар мен психологтардың кеңесін алып, сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен жеке сұхбаттар жасады, рефлексия және кері байланыс парақтарын толтырды.



2023-2024 оқу жылының қаңтар айында ата-аналарға «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі мен рөлін түсіндіру, отбасындағы өзара қарым-қатынастың бала тұлғасының қалыптасуына әсерін ұғындыру, ата-аналарға тиімді тәрбиелеу тәсілдерін үйрету және балаға деген сүйіспеншілік пен сенімді қарым-қатынасты нығайту.

Оқу жылы барысында әлеуметтік педагог А.Мелдебек көп балалы және аз камтамасыз етілген отбасылармен жеке жұмыстар жүргізді. Қажет жағдайда акциялар барысында демеушілер тарапынан көмектер ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылының мамыр айында жалпымектептік ата аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста оқу жылының қорытындысы: оқушылардың жалпы оқу үлгерімі мен сапасы, тәртіп, сабаққа қатысу, сыныптың жалпы белсенділігі туралы ДОЖО Ш.Нурова баяндама оқыды. ДӘЖО З.Ашрапова олимпиада, байқау, жарыстарға қатысу нәтижелері туралы таныстырып өтті.

ДТЖО А.Тунгушбаева тәрбиелік жұмыс бағыттары бойынша қорытындылады. Жыл бойы атқарылған тәрбие жұмыстарының есебін беріп, оқушылардың қоғамдық, мәдени, спорттық шараларға қатысу белсенділігі; Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық нәтижелері, бала қауіпсіздігі мен мінез-құлық мәдениеті туралы, оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі (жол, су, интернет, т.б.), құқықбұзушылықтың алдын алу және жауапкершілік мәселелері. жазғы демалыс және бос уақытты ұйымдастыру мәселелері жөнінде айтылып, шешім шығарылды.

Орындаған ДТЖО А.Тунгушбаева

